

Алшанов Р.А., профессор,
Тұран университетінің ректоры,
«Тұран» академиясының президенті


Түңгі шайқас: Зу-л-Карнайн жасағымен хакан Шу жас әскерлерінің қақтығыс

Зұлқарнайын өзінің жедел жортуыл жасағына жеке өзі қолбасшылық етіп, Шу қағанының әскеріне кенеттен соққы беріп, тұтқиылдан басып алмақ болды. Оның жасағы бұл жерге Хожанттан осы оңірлерге шығатын асулар арқылы өтіп жетуі мүмкін еді. Қашқари деректерінде Зулқарнайынның әскері тобы Ходжент аумығынан шығып, Шу қаған иелігіне - Баласағұнға жақын маңға жеткені айтылады. Олар, шамасы «Йалға, кара йалға...» деп аталатын – «Фаргана мен түрк жері арасындағы таулы асу» арқылы өткен болуы мүмкін (7, с.765).

Қара Жылға

Махмұд Қашғари еңбектерінде Қара Жылға асуы Ферғана мен түрік жерлері арасындағы «кұламалы таулы өткел» ретінде аталған. Алайда қазіргі кезде бұл атаумен басқа жерде орналасқан асу бар. Батыс Зулумарт жотасының сілемдерінде **Қаражылға 3. асуы** орналасқан. Асудың биіктігі – 5400 метр. Ол Саукдара жотасын, 3.Қаражылға өзенін және С.Зулумарт мұздығын жалғайды.

Ал Талас аңғарына керуендер Ферғана аңғарынан Шатқал жотасындағы Шанаш асуы және Талас Алатауындағы Қарабура асуы арқылы өткен. Шатқал жотасы мен Талас Алатау- көршілес таулы жүйелер болып табылады, оларды Шатқал өзенінің аңғары бөліп жатыр. Қарабура асуы Шатқал жотасында, ал Шанаш асуы Талас Алатауы жотасында орналасқан. Бұл екі асудың арақашықтығы тікелей сызықпен есептегенде, шамамен 50–70 шақырымды құрайды. Талас өзені мен Қара-Жылға – тауы Қырғызстанның Талас облысындағы белгілі географиялық нысандар. Талас өзені бастауын Талас Алатауынан алып, облыс аумағы арқылы ағып өтеді, ал Қара-Жылға тауы сол таулы массивтің бір шыңы болып табылады. Қара-Жылға тауын оңтүстік-шығыстан Кең-Көл өзені, солтүстіктен Нілді, батысы мен солтүстік-батысынан Талас өзені қоршап жатыр. Бұл – төрт тараптан аталған өзендер қоршалған, айқын жарлармен шектелген жеке үстірт. Сондықтан Зұлқарнайн (Александр Македонский) немесе Махмұд Қашқари заманында осы аңғар арқылы, Қара Жылға тауның маңынан өткен көне асу болған деуге болады. Уақыт өте келе бұл асудың атауы Қарабура немесе Шанаш асуы болып өзгерген болуы ықтимал.



Қара Бура асуы

Бұл асулардың өміршендігін олардың Ұлы Жібек жолы дәуірінде пайдаланылғаны дәлелдейді. Мәселен, Тараз қаласына керуендер Ферғана аңғарынан, Касаннан шығып, Шатқал жотасындағы Шанаш асуы мен Талас

Алатауындағы Қарабура асуы арқылы өткен. Қарабура асуы Ферғана және Жетісу бағыттарын жалғастырып тұрған Ұлы Жібек жолының тораптарының бірі болған.

Алайда Тараздан Ферғана аңғарына баратын бағыт анағұрлым ықтимал деп саналады. Қарабура асуына баратын жол маусым айында ашылып, қыркүйек–қазан айларында жабылады. Қарабура шатқалы арқылы, Қарабура тау өзенінің жағасымен түйе жорығы өтетін соқпақ жол созылады. Шатқал арқылы Тараздан Наманганға апаратын ең қысқа жол өткен, ол Ұлы Жібек жолының бір тармағы болған. Құлама асудан өтудің қиындығын осы бағытпен жүрген патша әскерінің деректері айғақтайды. 1863 жылы «подполковник М. Г. Лерхе басқарған жасақ Қарабура шатқалын төрт өткелде асқан. Сару руының манаптары ілескен бұл жасақ 12 күн жүріп, 308 шақырым жолды өткерген, соның 200 шақырымы тауда екі қарлы асудан өткен» (Уикипедия).

Зулқарнайын жасақтары Ария жеріне дейінгі 600 стадияны (шамамен 110 км) екі күнде өткен. Осыған қарағанда, Қарабура немесе Шанаш асулардың бірінен, неболмаса екуінен бірдей өтіп, Зулқарнайынның әскері шамамен 200 шақырым екі -үш күнде ішінде жүрген болуы ықтимал.

Содан кейін Зұлқарнайын жасағы Арғу мен Баласағұн жерлерінің шекарасына бір күнде жеткен. Ескендірдің әскері Арғу өңірі арқылы өткен кезде (бұл аумақ Тараз бен Баласағұнның арасындағы) кенеттен аспанды бұлт торлап, нөсер жаңбыр жауған. Қатты жауын салдарынан жол шайып, лайсаң батпақ пайда болып, жүріп өту мүмкін болмай қалған. Бұл жағдай іскерге үлкен бөгет болған.

Сонда Зұлқарнайын парсы тілінде: «Ин жікіл аст», яғни «Қандай өткел бермес батпақ!» — деп айтқан деседі. Осыдан кейін ол құрылыс жүргізуге бұйрық беріп, сол жерде бекініс салдырған. Ол бекініс сол уақыттан бері «Жікіл» деп аталып келеді» (7, 372-б.). Асқар Егеубайдың пікірінше, Зұлқарнайын дәл осы жерде түнеп өткен болуы мүмкін (6, 20-бет).

Жікіл (Чикиль, Джикиль, Шігіл) – Қазақстанның Жамбыл облысында, Тараз қаласына жақын маңда орналасқан ортағасырлық қала жұрты,. Ол қазіргі Жалпақтөбе ауылына іргелес жерде орналасқан. Жікіл (Бас-Жікіл деп те аталады) – қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан көне ортағасырлық бекініс.

Лингвистердің пікірінше, Ескендір Зұлқарнайын дәуірінде парсы тілі емес, көне парсы тілі (авестийше) қолданылған. Кейінірек қазіргі фарси пайда болған. Ескендірдің өзге тілдерді меңгергені туралы нақты дәлелдер жоқ, сондықтан оның жанында аудармашылар когортасы (тобы) болған. Атап айтқанда, Бактрияда қызмет еткен ең белгілі аудармашы – Фарнук.



Зулқарнайын жасағының шеру жолдары

Зұлқарнайын бастаған жедел жортуыл жасақтар алдын ала дайындықпен, алты күндік қайнатылған азық-түлігімен, 200 шақырымдық асуларды екі –үш күнде қауқарлы еді. Бұл әскерлер, шамасы, «агриайлар» немесе «агриандар» болса керек. Ең қиын, ең қатерлі қудалаулардың барлығы дерлік солардың үлесінде болған. Олардың көсемдерінің бірі — Аталл —

Дарийді іздеу ісіне қатысып, өз агриандарымен және таңдаулы жеңіл атты әскермен бірге Эқбатаннан Парфияға дейінгі 600 шақырымнан астам жолды жүріп өтеді. Сондай-ақ, Сузиядан Артакоанаға дейін, қазіргі Ауғанстандағы Герат маңындағы Ария аймағында агриандар патшаны өлтіруші Бесс жақтастарын қудалап, атты гетайрлармен (ауыр атты әскер), атты садақшылармен және македон фалангасының барлаушыларымен бірге екі күн ішінде 600 стадий (шамамен 110 шақырым) жолды атпен басып өтеді. Бұл сарбаздар қарапайым екі болат пирамидалы ұшты найзамен қаруланған... нағыз ұшқыр жаяу жасақтар, жойқын жылдам жауынгерлер еді (Уикипедия).

Алайда бұл іскери жоспар толық жүзеге аспады. Бұған себеп - Шу хаканның алдын ала жіберген барлаушылары Зұлқарнайын әскерінің жақындап қалғаны туралы деректі дер кезінде жеткізгені еді. Нәтижесінде, Шу хакан өз елін Баласагун аймағынан көшіруге үлгерді. Зулқарнайынның жасағы Баласағұнға жеткенде, Шу хакан елін көшіріп кеткеніне кемінде дегенде төрт күн өткен болатын. Баласагун улушында (улысында) бар болғаны 22 ұй ғана қалған, ал қалғаны түгелдей көшірілген.

Хакандықтар (қағандықтар), ұлуштар, ұлыстар

Зулқарнайын дәурінде көшпелі тайпалар ірі мемлекеттік құрылым немес кала негізін қалау сатысында тұрған еді. Бұл кезеңде олар жеке дара улуш ретінде калыптасып, басқару жүйесі де біртіндеп орныға бастаған. Басшылықты ел ағалар, батырлар, түрлі көсемдер атқарған. Жайлымдарды бөліп, шекарасын айқындап, ішкі ережелерін бекітіп, билерді сайлап, жасақтар шығарып, бас батырларын тағайындап отырған. «Ұлуш» немесе «ұлыс» атауы ірі шаруашылық, немесе беделді тұлғалардың, ықпалды әулеттердің ұлдарына билікке берілген жер атауы болуы ықтимал (20, 865 -б.).

Зулқарнайынның жорығы кезінде түркітер (сақтар) көршілес елді мекендерде бытыраңқы өмір сүріп, әрқайсысы өз көсемдеріне бағынған. Осыған байланысты Шу тұлғасын «хан» емес, тек «қаған» (хакан) деп аталуы оның билік ауқымының шектеулілігімен түсіндіруге болады. Оның кол астында көп халықы саны көп болғанымен, иелігі Баласагун сияқты шағын ұлыспен шектелген. Мұндай саяси құрылымды Ахеменидтердің алдындағы Мидия тарихымен салыстыруға болады. Бұл жағдайды зерттеген И.М.Дьяконовтың деректеріне сүйенсек ассириялықтар Мидия көсемдерінің

сипаттағанда «бел әлі» деген терминді қолданған. Бұл сөз – билігі шектеулі, патша беңгейіне жетпеген жергілікті шағын басшыларды білдіретін ұғым. Талған атау қазақ тіліндегі «белді, белсенді» деген сөздермен мағыналас келетін сияқты (20, 149-б.).

Біздің дәурге дейінгі VIII - VII ғасырларда ассириялық дереккөздерде көрсетілгендей Мидияда көптеген патшалар мен көсемдер әр түрлі аймақтарды басқарған, олардың көбісі мүлде шағын болған. II Аргон (б.з.д 721-705 жж) жазбаларында кем дегенде 55 орта көсемдіктер аталады, мүмкін одан да жүзден астам майдалары осы тізіміге кірмеген да шығар. Тайпалар одақтары керек кезінде құрылғанмен қатар Мидияда көптеген шағын, майда тәуелсіз көсемдіктер, патшалықтар болды (12, с.154). Дәл сондай жағдай Еділ мен Жайықтың арасында біздің дәуірге дейін 3 ғасырларда арий тайпалары көптеген майда патшалықтары болған. Олар жауға қарсы шығу үшін біріккен, басқару үшін сак батырларын, кейін Кайянидтерді шақырған. Авестада (Апастақ) айтылғандай Чайчаста (Сарыкамыс) қолдың маңыда шашыраған арий майда патшалықтарын Кай Қасырау бастарын қосқан. Сондай бірігу қажеттілігің Тама райс (Томирис) массагет патшайымы сезген. Ол парс патшасы Кір (Куруш) 20 мың әскерімен сак жеріне шабам деп кіргенінде оған қарсы біріккен сак әскер шыққан. Геродот айтуынша сол дәуірдегі болмаған соғыста Кир әскері талқандалған. Мүмкін арпалыста біріккен тайпалардың әскері болашақ сак, түрк одақтары қурулуына әсер болған шығар. Мұндай шешім тайпалардың, улустардың көсемдері, батырлары жалпы қурултайларында қабылданған. И.Дьяконов Геродотқа сілтеме жасап мидиялықтарда жалпы жиылыстары, ақсақалдар отырысы, «жақсы адамдар» кеңесі болған. Олар «Авеста» заманындағы «хан жамана» тәрізді (12, с.189). Мысалы қазақтарда «жамағат» деген ұғым бар (20, с.293).

Сондықтан, Қашқари Тараз (Талас), Баласагун, Аргу, Шігіл (Жікіл) жеке дара, бірақ жақын, туыс түрк улус (улуш) ретінде көрсеткен. Болашақта

осындай улуш (улыстар) Түрк, Түргеш, Карлук, Хазар, Кимак каганаттарын, Қазақ хандығын негізін қалаған. Бөлек тұрғанда тілдердің негізі бір болғанымен әр улус (улуш) тұрғындарын тіліндегі, сөйлемдерінде ерекшеліктері бар болған, оны Қашқари сөздігінде көрсеткен.

ТАРАЗ

Талас: Тараз деген атпен әйгілі болған бір шаһар. Талас екеу болған, бірі Ұлы, үлкен Талас деп аталады, екіншісі кем, Кем (кіші) Талас деп аталады» (6, т.1, 423 б.). Тараз-Талас каласының жанындағы бір калашығында тұратындар да «Шігіл» деп аталады (6, т.1, 452 б.). Кенжек сеңір – Таразға жақын шаһардың аты. Ол жер қыпшақ шекарасында (6, т.1, 539 б.). Карғалығ – Тараз шаһарына жақын бір каланың атауы. (6, 585 б.). Йағма Таразға жақын мекеннің аты (6, 2 т, 49 б.), Атлұқ, Отлық. Талас (Тираз) алқабындағы бір шаһардың аты (6, т.1, 128 б.)

Баласағун

ҰЛУШ – қала, қыстак. (Шігілше). Баласағун мен оның жанындағы Аргу шаһарларында тұратын халықтар тілінде «улуш» сөзін шаһар дейді. Сонда барын Баласағун шаһарын Құз улұш деп атаған (6, т.1, 91 б.). «Ордү: Баласағунға жақын қала. Баласағунды Құз ордү – Құз орда дейді» (6, т.1, 154 б.). Бақырлығ. Баласағунға жақын жердің атауы (6, т.1, 553 б.). «Қошқар басы – Баласағун арасындағы бір қала» (6, т.3, 509, 584 бб.). Сағын Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап (6, 462 б.). «Сідің қөл»- Қошқар басыға жақын қөлдiң атауы (6, т.3, 494 б.)

С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің профессоры У.Х. Шәлекенов бірнеше жыл бойы өзінің шәкірттерімен бірге көне қала жұртының қазба жұмыстарын жүргізген. Оның ғылыми қорытындысы бойынша, бұл қала Баласағун болған. Бұл ежелгі қаланың орны Жамбыл облысы Шу ауданы аумағындағы Ақтөбе қалашығында, Шу өзеніне құятын Ақсу өзенінің екі жағалауында орналасқан. Қалашық екі шахристаннан, цитадельден және ұзын дуалдармен қоршалған қалалық аумақтан тұрады. Сонымен қатар, мұнда алаңымен қоса сарай кешені, шығыс моншасы, су құбыры және кәріз жүйелері, тұрғын және шаруашылық құрылыстар, қолөнер орталығы бар. Осы орталықтан керамика бұйымдары мен қару-жарақ табылған. Сондай-ақ, археологтар үш шарап жасайтын орынды анықтаған. Олар шикі кірпіштен тұрғызылған шағын, бір бөлмелі

үйлер болған. Ең үлкен шарап жасайтын орында шырын сығуға арналған алаң мен одан бөліп қойылған, күйдірілген кірпіш еденге орнатылған, көлемі шамамен 180 литр болатын хум табылған. Археологиялық қазба барысында 500-ден астам қола тиыннан тұратын бірегей көмбе табылған.

Алайда, басқа нұсқа да бар. Мысалы, Мұхамеджан Тынышпаев бұл аймақтың тарихын зерттей отырып, Баласағұн қаласы қазіргі Қырғызстанның Шу облысы аумағында орналасқан деп есептеген және Бурана мұнарасын Баласағұн архитектурасының бір бөлігі деп санаған. Жамбылдық археолог әрі өлкетанушы Искандербек Торбеков: «Көршілеріміз Баласағұн қаласын Қазақстанмен шекаралас орналасқан Бурана қалашығымен байланыстырады... Алайда, дәл Бурана — сол Баласағұн болуы екіталай, өйткені бұл қалашықтың көлемі өте шағын», — деп атап көрсетеді.

Жазба деректерде Баласағұн X ғасырдан бастап атала бастайды. Араб географы әл-Мақдисидің мәліметіне сүйенсек, Баласағұн қаласы Исфиджабқа (қазіргі Сайрам ауылы) бағынышты болған. Қарахан әулеті мемлекеті құрылған кезден бастап шамамен 1130 жылдардағы Қарақытай шапқыншылығына дейін Баласағұн Қараханидтер мемлекетінің бас астанасы немесе үш астананың бірі ретінде қызмет атқарған.

Махмұд Қашғари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» атты әйгілі сөздігінде Баласағұн туралы мәліметтерді бүкіл еңбегі бойынша шашыраңқы түрде келтіреді. Ол былай деп жазады: «Улуш. Баласағұн мен оған іргелес жатқан Арғу аймағының тұрғындары үшін бұл сөз қала деген мағына береді. Улуш, улус ұғымы кең мағынада да, тар мағынада да қолданылған. Ибн Рузбехан Исфакхани XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының 10 ұлысқа бөлінгенін жазады. Ал жоғарыда атап өткен Махмұд Қашқари Баласағұнды әлі толық қалыптасқан қала емес, бір улусқа, улушқа тиесілі, туыстас халық қоныстанған бірнеше елді мекендер мен ордалар жиынтығы ретінде сипаттайды. «Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шахарларында тұратын халықтар тілінде «улуш сөзін шахар дейді. Содан барып Баласағұн шахарын күз ұлуш деп атаған» (6, 91 б; 7, 97 б.). Ордү Баласағұнға жақын қала. Баласағұнды Күз ордү дейді. Яғни патша ордасы, резиденциясы деп те атайды (6, 154 б.; 7, 153 б.). Куз — «күз», орда — «қолбасы, хан ордасы». Сонда «Куз орда» — хақанның күзгі ордасы деген мағына береді. Сол сияқты «Йун арик»—

Баласағұн маңындағы жазғы жайлау ретінде белгілі (7, 848 б), «Ион арық» жақын жайлаудың атауы (6, т.3, 202 б.). «Күз — орда (күзгі астана) түркі көсемдерінің күзгі ордасы (18, 50-бет). «Тараз бен Баласағұн арасындағы аймақты арғу деп атайды, өйткені бұл жер екі тау арасындағы сайда орналасқан (арғу – шатқал, сай)» (6, т.1, 157 б.). «Баласағұн халқы, сондай-ақ Тираз (Тараз) бен Мадинаат әл-Байда тұрғындары сияқты, соғды және түрік тілінде сөйлейді. Исфиджабтан (Сайрамнан) Баласағұнға дейінгі Арғу жеріндегі халықтың тілі шұбар» (6, т.1, 56 б.). «Соғдақ – Баласағұнға келіп мекен тепке бір қауым жұрт. олар соғдылардан. Бұхара мен Самарқанд арасында тіршілік еткен. Кейін түріктеніп өзгеріп кеткен» (6, т.1, 531 б., 7, 437 б.). «Құлбақ. Ол Баласағұн тауларына тіршілік етті. Түркілердің үлкен діндар, әулие адамдарының біреуінің есімі» (6, т.1, 534 б, 7, 440 б.). «Бақырлық – Баласағұнға жақын бір жердің атауы» (6, т.1, 553 б.). «Бақырлық тағ – мысты тау» (6, т.1, 553 б.).

«Занби Арт – Құжнар Башы мен Баласағұн арасындағы тау асуының атауы» (7, 1070 б.). Қызығы — бұл сөздің аудармасында Асқар Егеубай мен Зифа Әуезова арасында айырмашылық бар. Зифа Әуезованың пікірінше, Махмұд Қашқари занби арт Қужнар баши деген тіркесте тау асуының атауын айтып отыр. Ал Асқар Егеубай болса, «Көшнәр башы» тіркесін «Қошқар басы» деп түсіндіреді және оны Баласағұн аймағындағы қала атауы ретінде қарастырады (7, 3 т., 584-бет).

Қашғари еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып, Баласағұнды жай ғана қала емес, Арғу аймағының шығыс бөлігінде орналасқан патшалар ордасы, резиденциясы ретінде түсіну орынды. Бұл өңірдің маңызды белгілері бар. Оның маңында мыс кендері бар таулар, сондай-ақ тау асуы орналасқан. Бұл аймақ Тараз бен Баласағұн арасын қамтыған, солтүстігінде — Шу өзені, оңтүстігінде — Талас Алатауы (Тянь-Шань сілемі) жатқан кең өңірді білдіреді.

Бұл пікірді Элебай Турганбаев та қолдайды. Ол «Кыргыз энциклопедиясы» бас редакциясының жетекші редакторы ретінде «О проблемах локализации невымышленного города» атты мақаласында

Баласағұн қаласының орналасуына қатысты бұрын айтылған барлық гипотезаларды жан-жақты саралап, маңызды тұжырымдар жасайды. Оның назар аударарлық ойларының бірі — кейде бір хандықтың аумағында бірнеше автономды кінәздіктер болған және әрбір билеушінің өз резиденциясы болған. М. Қашғари Шу (Шуй, Шуи) қаласы туралы қызықты аңызды келтіреді. Аңызға сәйкес, бұл қала Шу есімді патшаның құрметіне аталған және Ескендір Зұлқарнайын заманына тиесілі, сол кезде Тираз, Исбиджаб, Баласағұн және басқа қалалар әлі салынбаған еді. Әрине, М.Қашғари ежелгі Баласағұнның нақты орналасқан жерін жақсы білген және ол бұл аңызды негізсіз келтірмегені – сөзсіз, Шу мен Баласағұн бір-біріне жақын орналасқан. Белгілі мәліметтерге сәйкес, орта ғасырларда Сырдария өзені «Хожанд өзені» деп аталған.

Талданған деректерді қорыта келе, Э. Турганбаев екі негізгі қорытынды жасайды. Ескендір Зұлқарнайын әскері кейін Баласағұн қаласы салынған өңірге дейін жеткен. Егер Баласағұн маңында орналасқан Шу қаласындағы түрік ханы Худжанд өзеніне қырық қолбасшы жіберген болса, онда екі қала (Шу мен Баласағұн) осы өзенге жақын орналасқан болуы керек. Жоғарыда келтірілген тарихи деректер (олар дереккөздерде біршама аз болса да) жалпы алғанда, Баласағұн қаласының атауы өңір топонимикасында айқын параллель таппайтынын көрсетеді. Сондықтан оны қазіргі Токмак (Суяб) қаласына жақын жерде, Бурана мұнарасы маңында орналасқан деуге еш негіз жоқ. Ғылыми зерттеулерде көне Баласағұн қаласының нақты орналасуына қатысты көптеген мәселелер әлі де анықталмаған және нақтылауды қажет етеді (16).

Бала сагун – бала – жас, сагун – билеуші деген мағына береді, яғни жас билеуші (7, 379 б.). Баласағұн екі сөзден құралған. «Бала» мен «сағұн». «Сағұн – хақан, хан» (16, 425). Махмұд Қашғарида хақан Шу туралы: «түрктердің Шу есімді жас хақаны болған екен» деп жазылған (6, т.3, 551б.). Демек, Баласағұн мен жас хақан Шу – бұл синонимдер. Бұл сөз тіркестерінің сәйкестігі кездейсоқ емес шығар. Жас хақан Шу Ескендір Зұлқарнайынмен бейбіт келісімге келіп, негізін қалаған қала – Баласағұн болуы әбден мүмкін. Себебі Жібек жолының бойында, Ақсу өзенінің жағасында, Шу (Чу) өзеніндегі Тас өткел тас көпірінің маңында орналасуы – Ақтөбе өңіріндегі табылған қираған көне қалашықтың көлемі жағынан да дәл осы Баласағұн-Шу болуының нақты дәлелдерінің бірі. Көшпелі өмір салты мұндай маусымдық орын ауыстыруларға мүмкіндік берген, бұл отырықшылық пен қалалық құрылым жағдайында күрделірек болатын. Жас Шу хақанының бір ордасы кейіннен Баласағұн аталған жерде, екіншісі Шу қаласы негізделген өңірде орналасуы

әбден мүмкін. «Дәл осы (хан Шу) Баласағұн маңында Шу бекінісін салуды бастаған» (6, т.3,554 б., 7, 1051 б.).

Қызығы, жапон тілінде соған ұқсас *сёгун* сөзі бар — бұл жоғары әскери қолбасшы, ел басқарушы деген мағынаны білдіреді (Уикипедия). Соңғы жылдары түркі, алтай тілдерінің жапон және корей тілдерімен байланысына зерттеушілер ерекше назар аударып келеді. Ғалымдар күрделі, бірақ шынайы гибридті сценарий ұсынады: түркі, моңғол, тунгус-маньчжур, корей және жапон тілдері арасында ежелгі туыстық байланыстар болған, алайда кейінгі кезеңдегі ұзақ әрі әртүрлі тілдік байланыстар бұл жақындықты жасырып жіберген Dzen.ru. Бұл теорияны мойындау – осындай байланыстардың болуы және олардың тілдік құрылымдарға әсер етуі мүмкіндігін көрсетеді. Сондықтан түркі тіліндегі «*сагун*» мен жапон тіліндегі «*сёгун*» сөздерінің ұқсастығы кездейсоқтық болмауы мүмкін және ол тарихи байланыстардың нәтижесі ретінде қарастырылуы ықтимал.

Махмұд Қашғари деректеріне сүйенсек, Ескендір Зұлқарнайынның сақ жерлеріне жасаған қысқа жорығы кезінде Баласағұн қаласы әлі болмаған. Алайда осы аумақта орналасқан Баласағұн атты аумақтық құрылымның хақанына тиесілі орда, резиденциялар болған. Мұндай ордалар бірнешеу болуы да мүмкін, (жазғы — жайлау, күзгі — күзеу, қысқы — қыстау, көктемгі — көктеу). Мысалы, Баласағұн — Күз ордасы, яғни күзгі орда.

АРҒУ

«Арғу екі таудың арасы. Тараз (Талас) бен Баласағұн арасында шахарларды Арғу дейді. Өйткені, ол жерлер екі тау арасында жатыр» (6, т.1, 157 б.). Зұлқарнайын Арғу еліне жеткенде қатты сел жаңбыр жауып, жер-көк лайсаң болып, жолдар езіліп, батпақ басып кеткен. Ескендір жүре алмай киналған. Налыған Зұлқарнайын парсы тілінде – неткен батпақ (не деген батпақ жер), бұдан құтылмаспыз деп кетіпті. Кейн сол жерге бір қорған бекет салдырыпты. Сол қорған бекет «Шігіл» деп аталып кеткен» (6, т.1, 452 б.). «Балықты өзен, балығы бар өзен. Арғулар батпақты, қөлшікті жерге де осы сөзді колданады» (6, т.1, 556 б.).

Арғу халқының тағдыры белгісіз күйінде қалып отыр. Дегенмен, Ескендір Зұлқарнайын өз жорығы барысында Шу хақанының адамдарынан өзге бейбіт тұрғындарға шабуыл жасауды көздемегені анық байқалады. Бәлкім, Арғу өкілдері сақ көсемдері мен Ескендір Зұлқарнайын арасындағы келіссөздерге қатысып, онымен бейбіт келісімге келген болар. Сол себепті Зұлқарнайын бұл өңір арқылы ешқандай қарсылықсыз, кедергісіз өткен болуы мүмкін. Махмұд Қашқаридың жазбаларында Арғу туралы айтылған деректер тек тұрмыстық әрі географиялық сипатта келтірілген. Ал Шу хақаны туралы мәліметтер болса, бірнеше мәрте қайталанып, тек оның соғысқа бейімді,

жауынгер халқы туралы баяндалады. Бұл — екі өңірдің көрші, шекаралас болғанына қарамастан, олардың саяси ұстанымдары мен Александрға деген қатынасы мүлде әртүрлі болғанын көрсетеді.

Арғу — бұл екі таудың арасындағы сай, шатқал деген мағына береді. «Тараз бен Баласағұн арасындағы елді мекендер орналасқан өңірді Арғу деп атайды, себебі ол екі таудың арасында орналасқан» (7, 155-бет). «Арғудың кейбір бөліктері Синге қарай бағыт алады» (7, 71-бет). Сонымен қатар «Улуш» түсіндірмесінде «Баласағұн мен оған жақын өңірлердің халқы үшін Арғу — бұл қала дегенді білдіреді» (7, 97-бет) деп жазылған. Қашқари «Арғудағы қалалардың бірі — узу канд деп аталады» (7, 119-бет) деп нақтылайды. Тағы бір қызықты аңызда: «Жікіл... Зұлқарнайын Арғу еліне келген кезде бұлттар бар күшін салып жаңбыр жаудырды. Жол шайылып, бұл оған үлкен кедергі болды. Сонда ол парсыша: «ин жікіл аст», яғни «мұндай өтуге болмайтын батпақ та бола ма!» — деп айтып, құрылыс бастауға бұйрық берді. Содан бері бұл жер Шігіл деп аталып кеткен» (6, т.1, 452 бет).

Махмұд Қашқари сөздігінде Арғу диалекті ретінде белгіленген шамамен 50 астам сөз келтірілген. «Исфиджабтан Баласағұнға дейінгі барлық Арғу жерінде адамдардың тілі шұбар» (7, 70-б.). «Арғу халқы барлық сөздердің ортаңғы және соңғы й дыбысын н-ға ауыстырады» (7, 71-б.). Көл балықтанды. Балықты болды». Арғулар батпақты жерді осылай дейді» (6, т.2, 381 б.), «балық» – батпақ, лайсан, лай, жаңбыр. Оғыздар мен арғулардың кейбіреуі «балқ» деп айтады (6, 436 б.; 7, 359-б.). «тархан» – «басшы» дегенді білдіретін пұтқа табынушылық сөз (7, 408-б.), мараз» – жалдамалы жұмысшы (387-б.), «байат» – Жаратушының есімі (6, т.3, 234 б., 7, 869-б.).

Шігіл

«Жікіл, Шігіл» — осы атауды иеленген үш түркі тайпасы бар. Солардың бірі - көшпелі халық, олар Барсғанның арғы жағындағы Куйас атты қоныстарда мекендейді. Екіншісі — Тараз шаһарының маңындағы ауыл, ол да «Жікіл» деп аталады. Осы атау өзге жерлерге де сол арқылы таралған. Шігіл – түріктердің үш аймағының атауы... Екіншісі, Талас-Тараз қаласының жанындағы бір қалашықта тұратындар да «Шігіл» деп аталады. Оларды «Шігіл» деп атайтың мынадай себебі бар. Зұлқарнайын Арғу еліне жеткенде қатты сел жаңбыр жауып, жер-көк лайсан болып, жолдар езіліп, батпақ басып кеткен. Ескендір жүре алмай киналған. Налыған Зұлқарнайын парсы тілінде неткен батпак (не деген жаман батпақ жер), бұдан құтылмаспыз деп кетіпті. Қейін сол жер қорғанда тұрақтап тұрып қалған түрік тайпасы да Шігіл деп аталады, содан сол бұл атау әр тарапқа тарап кетеді. (6, т.1, 452 б.). Жалпы Махмұт Қашқари өзінің сөздігінде отыз дан астам шігілше сөздеріңе түсініктерің береді. Солардың ішінде: үлүш – қала, қыстақ (6, т.1, 91 б.), айбан ер – таз адам (6, т.1, 147 б.), бұдзын, халық, халайық, жұрт (6, т.1, 457 б.), жатба – ауыл ақсақалының арық қазысуға, тоған бөгеп, тазаулауға шықпағандардың


алатын алым-салығы (6, т.1, 476 б.), иарлығ, жарлық. Хаканның жарлығы, жазған бұйрығы (6,т.3,60 б.), сіз, үлкендерді, қадірлі адамдарды құрметтеу үшін «сен» мәнінде айтылатын сөз (6,т.3, 177 б.), шебің, кішкене темір сойыл (6,т.3, 494 б.), шефшең, қырықтық. Қой жүнін қырқатын үлкен қайшы (6,т.3, 513 б.), сым сырмақ, тамақтың бір түрі. Пісірілген бас ұсақтап туралады да, дәм – тату, тұздық қосылып ыдысты араластырылады, оның үстіне ашыған қатық қосылады. Ол сіңгеннен кейін желінеді (6,т.3, 193 б.).

Ұйғур

Ұйғұр, ұйғыр бес шахарлы елдің аты (6,т. 1, 142 б.), бұл елдің бес шахар бар. Ол елдің тұрғындары кәпірлер мен үздік мерген атқыштар. Ол шахарларды Зұлқарнайын салдырған. Бұл шахарлар Сұлми, Құжұ, Жанбалық, Бешбалық, Йаңы балық (6, т. 1, 143 б.),

Шың

Тавғаш, Машын елінің атауы. Бұл мемлекет Шыңнан төрт айлық жол қашықтықта. Шың, негізінен үшке бөлінеді, біріншісі – Жоғары Шың, ол Шығыста жатыр және Тавғаш деп аталады. Екіншісі – Орта Шың, Хытай деп аталады. Үшіншісі – Төменгі Шың. Ол Бархан деп аталады, Кашқарда. Әйтсе де, қазір Тавғашты – Машын Хытайды – Шың деп атап жүр. (6,т.1,513 б)



Соғысты шегіндіру

Жас Шу ханы өзіне бағынысты халықты көшіру бағытын алдын ала ойластырып қойғаны әбден мүмкін. Егер оның үлкен әскері болғаны айтылса,

онда халқының да аз болмағаны анық. Жауынгерлері бастапқыда-ақ македондықтармен шайқасуға дайын еді. «Зұлқарнайын жақындап келіп қалыпты. Онымен соғысамыз ба, не істейміз?» – деп сұрапты (6, т.3,1551-б.). Жауынгерлер хақаннан қайтадан: «Соғысамыз ба?» – деп сұрайды. Бірақ ол мұны мезгілсіз деп есептеді. Қақтығыстан қашып құтылу мүмкін емес екенін жақсы түсінді. Демек, сақ (түркі) дәстүрлі соғыс тактикасына сай, шегіне отырып, шайқасқа ыңғайлы жерді таңдап, македондықтарды тұзаққа түсіру керек еді. Бұл оңай шаруа емес болатын, өйткені Ескендір Зұлқарнайынның қолбасшылық тәжірибесі өте мол еді. Сонымен қатар өз халқын қауіпсіз жерге орналастыру қажет болды. Өзге көрші халықтарға, мысалы, ұйғырларға халқын көшіре алмайтын. Өздерін-өздері қорғап, шайқасуларына тура келді. Бұл өңірлерді жас Шу ханы македондықтардан әлдеқайда жақсы білгені анық, дегенмен Ескендірдің барлаушылары барлығын анықтауға тырысты.

Зұлқарнайын хақан Шуды қуып келе жатып, Шу өзенінің тас өткелі (Жібек жолы кезеңінен белгілі Тас өткел) арқылы өтуі мүмкін. Ол оны ұйғырлар маңындағы жерде қуып жетіп, сонда екі жақтың алдыңғы жасактарының түңгі шайқасы болды. Бұл оқиға Іле өзенінің оң жағалауында, Баласағұндағы хақанның күзгі ордасынан шамамен 500 шақырым қашықтықтағы Алтын-емел тауының маңында болған деп болжанады. Бұл тағы да 4-6 күндік жол. Алайда, Ескендірден кейін қалып қойған түріктер хақан Шудың бүкіл ордасы бұл аумақты жедел түрде тастап кеткенін хабарлағаннан соң, ол шегінушілердің жылдамдығы өз әскерінен екі есе баяу екенін есептеп, қуып жетіп, талқандауға бел байлады. Толассыз жауын-шашынға, тау асуларына, кем дегенде екі өзеннен өтуге тура келгеніне қарамастан, бұл жағдай шегінушілерге қашықтап кетуге мүмкіндік берсе де, Зұлқарнайынның сақ көсемін жазалау туралы шешімі берік болды.

Түңгі шайқас. Хақан Шудың Түңғак жасағы

«Хақан Шу Зұлқарнайынның жасағына қарсы алдын ала әскер шығарып жіберді, ал Зұлқарнайын да өз әскерін аттандырды. Олар түні бойы шайқасты – Зұлқарнайынның әскері жеңіліс тапты» (6, т.3, 553 б, 7, 1052-б.). Басқа бір деректе осы шайқастың егжей-тегжейі келтірілген. «Зұлқарнайын Шынға қарап ілгерілегенде, онымен соғысу үшін түрік хақаны **жастардан теріп** таңдап алған бір бөлек әскерлерді жібереді. Хақанның уәзірі: «Сіз Зұлқарнайынға жастарды аттандырдыңыз, олардың ішінде тәжірибелі, көп жасаған, соғыс көрген адамдар болуы керек еді» - дегенде, хақан жасы үлкен әрі сайма-сай, тәжірибелі мағынасында өге сөзін колданып, Өге ме? – депті. Уәзірі иә, жөн деп жауап берген. Сөйтіп, Хақан жасанған, сыналған бір адамды жіберткен. Олар сол түні Зұлқарнайынның алдыңғы әскерлеріне шабуыл салып, оларды жеңген (6, т.1, 120 б.). «Маған Мұхамед Шәкір Тоң кахан ұлы Низаметдин Исрафил Тоған Текін бабасынан білгендерін былай хикаялаған еді: Зұлқарнайын ұйғыр еліне жақындап келгенде түрк халқы оған **төрт мың** адам жіберді. Олардың бастарындағы биік қалпақтарының қанаттары құтты

лашын қанаттарындай еді. Оқты алдыға карай қалай атса, арқасына да сондай шеберлікпен ататын еді. Зұлқарнайын бұларға қайран қалып – бұлар басқаларға кіріптар болмай өз азығын өздері тауып жейтіндер екен, бұлардан аң қашып құтылмайды, қашан қаласа, сол кезде атып жейді – депті» (6, т.1, 142 б.).

Мүмкін, хақан Шу әскеріндегі жас жауынгерлердің ерлігі қазақ даласының жас ұландарына шабыт берген болар. Жоңғар шапқыншылығы кезінде дәл осындай — жасы 12 мен 15-ның арасындағы мыңдаған жасақ — Мың бала жасақтары құрылған. Бұланты шайқасында 15 жастағы Сартай мен 13 жастағы Жылқыма бастаған тобы шайқастың шешуші сәтіне зор ықпал еткен. Зұлқарнайын жасақтарын жену ата-бабамыздың генетикалық жадында сақталған тарихи ерлік болуы мүмкін.

Сақтардың бас киімдері

И. Дьяконов мынаны атап өтеді: «Мидиялықтардың келбеті скифтік стильмен ұқсас болған. Олар ұзын шаш, сақал қойған, шалбар, қысқа етік киген және белдеріне акинак (ұзын қанжар мен қысқа қылыштың аралығындағы қару) таққан. Ұзын, кең, кең жеңді киімдер киген, оларды ерекше түрдегі бас киімдерімен де тануға болатын». Сарматтардың негізгі киімі — кең, ұзын шалбар, былғары күртеше, жұмсақ теріден тігілген етік және үшкір төбелі киіз бас киімдер (башлық) болған. Геродоттың мәліметінше, Мидия жерінде мидиялықтар мен парикапилермен (мүмкін, пара-каспийлер) қатар ортокорибаптилер — «үшкірбастылар» өмір сүрген. Бұл атау сақтарға қатысты қолданылған эпитеттердің бірі (12, 248 б.).

Ежелгі парсы жазбаларында сақтардың үш тобы аталады. Солардың ішінде Жетісу өңірінде мекендеген **сақ-тиграхауда** — «үшкір төбелі бас киім киген сақтар» ерекше аталады. Бехистун жазуында I Дарий оларды Тянь-Шань тауының етегінде өмір сүрген деп көрсеткен.



Синьцзяндағы сақ мәдениетіне жататын мүсінше, Тянь-Шаньның солтүстігіндегі б.з.д. III ғасырға тиесілі жерлеу орнынан табылған. Жәдігер Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы музейінде (Үрімші) сақтаулы.

Яғни бас киімдері сұңқар қанатына ұқсас жауынгерлер — бұл үшкір төбелі бас киім киген сақтар — тиграхауда сақтары. Олардың Жетісудағы қоныстану аймағы Қашқаридің деректеріндегі түріктер мекендеген аумақтармен сәйкес келеді.

Сақтардың соғыс тактикасы

Парсы шахтары I Дарий мен Кирге (Қуруш) қарсы үнемі жүргізілген шайқастар сақтарда (скифтерде) өмір сүру жағдайларымен тығыз байланысты ерекше соғыс тактикасын қалыптастырды. Зерттеушілер сақтардың әскери амалдарының бірнеше ерекшелігін атап өтеді. Мысалы, шегіне отырып ұрыс жүргізу барысында скифтер барлық малын айдап әкетіп, құдықтарды көміп, жайылымдағы шөпті өртеген. Бұл арқылы олар қарсыласты ауыр тұрмыстық ұшыратқан. Сонымен қатар, скифтер әрдайым бір күндік жол қашықтығында болып, қолжетімділік елесін тудырған. Олар тіпті қасақана шағын табындарды қалдырып кетіп, парсыларда сәтті қуғын құмарлығын туғызған.

Сақтар жер бедерінің ерекшеліктерін, барлау деректерін және жалған ақпарат таратуды тиімді пайдалана білген. Олар жаудың

шұбалаңқы керуендеріне, әсіресе азық-түлік іздеуге кеткен парсы атты жасақтарына жиі шабуыл жасаған. Геродоттың жазуынша: «Скиф атты әскері үнемі жау атты әскерін шегінуге мәжбүр еткен. Қашқан парсы салт аттылары көмекке келе жатқан өздерінің жаяу әскерлеріне тап беріп отырған... Мұндай шабуылдарды скифтер түнде де жиі жасаған». Түркілерде (сақ) тайпаларында түнде жау армиясының алдыңғы шебін тұтқиылдан басып алуға арналған арнайы жасақ – *тунгак* болған (7, 435 б.). Қазақ тіліндегі «түн» деген сөзден шыққан.



Түрк (сақ) жауынгерлері «оқты алдыға қарай калай атса, арқасына қарай да сондай шеберлікпен ататын еді. Зу-л-Карнайн бұларға қайран калып: бұлар басқаларға кіріптар болмай өз азығын өздері тауып жейтіндер екен, бұлардан аң қашып құтылмайды, қашан каласа, сол кезде атып жейді депті» (6, т.1, 142 б, 7, 140 б.). Бұл Шу хақанының шегінуді қамтамассыз ету үшін арьергард жасағын қойғанын көрсетеді. Атты садақшылар Ескендір Зұлқарнайынның әскерін қуып келе жатқан жауынгерлерге оқ жаудырып, оларды шығынға ұшыратты. Осы шеберлік Зу-л-Карнайнды (Александрды) таңғалдырды. Ол мұндай жоғары деңгейдегі атты садақшылардың

шеберлігін күтпесе керек. Бұл оған сабасына келуіне себеп болған шығар. Мұндай қарсыласу оның жоспарына әсер етті. Сол кезеңде ол аңызға айналған байлыққа толы Үнді жорығына дайындалып жатқан болатын. Ал бұл жерде ол тек жас Шу хақанды қуып жүріп, түркілердің (сақтардың) жаңадан жаулап алған иеліктеріне шабуыл жасау ниетінен айнытқысы келген еді. Алайда түрк (сақ) атты әскерінің әскери шеберлігін көріп, ол мұндай жеңісті оңайлықпен ала алмайтынын түсінген секілді. Керісінше, Үнді жорығында қажетке жарайтын ең үздік сарбаздарының бір бөлігінен айырылып қалуы мүмкін екенін аңғарды.



Түнгі шабуыл. Македондықтардың алдыңғы жасағының шегінуі

Антик авторлары, әдетте, Ескендір Зұлқарнайынның тек жеңістерін ғана жазатын. Сол себепті скифтерден тартып алынған 50 мың қой секілді әскери олжа анналдарға енді, ал жас хақан Шу әскерлерінен алған қорлаушы жеңіліс мүлде аталмай қалды. Сол сияқты, Спитаменнің Зарафшан өзені бойындағы жасаған тосын шабуылы қалай Ескендір Зұлқарнайын тарапынан өлім жазасымен қорқыта отырып, тарихтан өшірілсе, дәл сол сияқты мыңдаған жас жауынгердің түнгі шабуылы нәтижесінде болған жеңіліс те оның «жеңісті жорықтарының» тарихынан біржола сызылып тасталды. Бұл оқиға тек жеңімпаз тарапта түріктердің жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа «жеңілмейтін» Ескендір Зұлқарнайынның әскері үстінен жеткен ұлы жеңіс ретінде беріліп отырды. Бұл дерек Махмұд Қашқари еңбектеріне жеткен.

Неге Зұлқарнайын әскері сақ жауынгерлерінің түнгі шабуылына төтеп бере алмады деген сұрақ туындайды. Өйткені Зұлқарнайынның өзі түнгі шабуыл шебері болған. Ол мұндай шабуылдарға арнайы дайындалған, жоғары соғыс қабілетті жаяу жасақтармен жүргізіп, көп жағдайда шабуылдың алдында барлау жасалатын. Бұл жағдайда тек болжам айтуға болады.

Біріншіден, Шу хақанының әскерлері жасаған түнгі шабуыл Ескендірдің барлауынан жасырын түрде дайындалып, сондықтан тосыннан болған. Екіншіден, саны жағынан хақанның жауынгерлері македондықтардан екі есе, тіпті төрт есе көп болғаны болжанады. Жалпы, Ескендірдің жылдам қозғалатын жасағы шамамен 3000 жауынгерден тұрған. Егер ол 30 000 бас қойды трофей ретінде айдап келе жатса, оны күзетуге 100–200 сарбаз бөлуі мүмкін. Қалғандарын келесідей орналастырған: 500 адамнан тұратын алдыңғы із кесу тобы, негізгі әскердің көпшілігі – оның өзі басқаратын топ – біраз қашықтықта (мүмкін Іле өзенінің сол жағасында) ілесе жүрген. Бұл Кир патшаның массагеттер мен сақтар біріккен әскерімен, әсіресе Томирис ханшайыммен соғыстағы ауыр жеңілісін еске алып, сақтық мақсатында жасалған болуы мүмкін. Үшіншіден, Зұлқарнайын алдыңғы жасағының тынымсыз қозғалыстан шаршап-шалдығуы, қашқындарды тезірек қуып жетуге деген ұмтылыстары да әсер етуі мүмкін. Төртіншіден, жауға қарсы атой салған жасөспірімдер мен жігерлі жас жауынгерлердің өз жерін жанқиярлықпен қорғауға деген ұмтылысы ерекше рөл атқарды. Бесіншіден, далада шыңдалған хақанның жауынгерлері соғыс өнерінің қыр-сырын жетік меңгеріп, шайқас алаңында асқан шеберліктерімен ерекшеленген.

Шайқас бейбіт келісіммен аяқталды. Зұлқарнайын Бактрияға басқа жолмен, Шақпақ-ата, Құйік асулар арқылы, әлде келген бағытпен Худжантқа жетіп, Мараканда (Самарканд) арқылы Бактр

(Балх) қайтқан сияқты. Содан кейін, б.ғ.д. 327 жылы Зулкарнайын соғды (бақтыр) танымал, белсенді Оксиарттың қызы, сол кездегі ең сулу Роксанаға үйленген. Сол жылы жазда байлықтарына қызығып, Ауғанстаның асуларынан өтіп, Үнді жеріне аттанды. Ал хақан Шу Баласағұнға қарай оралып, соның маңынан өзінің атымен аталған жаңа қала – Шу қаласын тұрғызды. С. Абушариповтың тұжырымынша, «Шу хақаны туралы аңыз», «Шу керуен жолы туралы аңыз» секілді деректерге сүйенсек, Баласағұн – хақан Шу-дың қаласы болып табылады (17, 422-б.). Кейінгі аңыздарда Қарахан Шу өзеніне Шу-Тоғанақ атты бөгет салғаны айтылады. Ал Қазақ хандығы қайта құрылғаннан кейін, Керей хан Шу өңіріндегі қоныста өз ордасын тіккен (15, 228-б.). Бұл қала 1928 жылы қайта тіріліп, 2354 жылдан кейін де өмір сүріп келеді.

Алтын Қан

Бір түрік әскері Зұлқарнайын әскерлерінің біріне қылыш сермеп, кіндігіне дейін бөліп өткен. Өлтірілген әскер ділдә салынған әмиянын белдігіне буып алған екен, оны қылыш кесіп өткенде, ділдалары қанға малынып, жайран жерге төгіліпті. Ертеңінде түрік әскерлері қанға боялған ділдаларды көріп, бір-бірінен «Бұл не?» деп сұрасқанда, олар **الْتُنُّ قَان** «ALTUN ҚАН: алтұн қан алтын қан» десіпті (6, т.1, 120 б.).

Біздің пайымдауымызша, Зулкарнайын осы жорықта грек жалдамалы әскерілерің отанына қайтаруға дайындалғандарды пайдаланған. Ол өзінің ең мықты гетайырларың 327 б.д.ж. жазында басталған үнді жорығына сақтап қалған сияқты. Беліндегі алтын монеталары соның белгісі болуы мүмкін, қайтар алдындағы Зулкарнайын берілген төлем ақысы ретіндегі көрінісі. Ал олардың соңғы жорығы шыныменде соңғы шайкасы болды ғой.

Ескендір Зұлқарнайынның алтын монеталары

Б.з.д. 333 жылы Парсы жорығы кезінде Ескендір Зұлқарнайын Исса шайқасында III Дарийді жеңіп, парсы әскерінің жорық қазынасын қолға түсірді. Қазынада 3000 талант болған. Парсы державасының бұл байлығын Экбатанаға тасымалдау үшін 10 000 қашыр жегілген арба мен тағы 5 000 түйе қажет болды. Олардың жалпы құны 180 000 талантты құрап, бұл шамамен 4680 тонна күміске тең еді. Геродоттың айтуынша, б.з.д. 480 жылы Ксеркстің Грекияға қарсы жорығы алдында Парсы империясының сатрапияларынан түсетін жылдық жалпы кіріс 16 280 талантты құраған.

Грек ақшалай жүйесі вавилондық алпыстық санау жүйесіне негізделген болатын. Бұл жүйеде 1 талант = 60 мина, ал 1 мина = 60

драхма болған. Таланттың салмағы әр дәуір мен әртүрлі өлшем жүйелеріне байланысты 26–36 кг аралығында өзгеріп отырған.

1 талант = 60 мин = 26,19 кг

1 мина = 60 драхма = 436,6 г

1 драхма = 6 обол = 4,36 г

Қымбат металдардың күрт артуы Зұлқарнайынды сол дәуірдің ең ірі алтын теңгесін жасауға итермеледі — бұл алтын дистатер болды. Оның құны 40 күміс драхмаға тең. Мұндай монеталар әскердегі қызметі үшін ардагер жауынгерлерге марапат ретінде берілді. Бастапқыда оларға 1 талант (6000 күміс драхма) берілсе, кейін жаңа монеталар соғылғанда 120 алтын дистатер ретінде төленетін.



Ескендір Зұлқарнайынның алтын статері (дистатер) жоғары сынамалы 8,5 грамм алтыннан тұрды. Бұл алтын статер 20 аттикалық күміс драхмаға немесе 14 эгиндік драхмаға тең болған.

Ескендір Зұлқарнайын жауынгерлік ерлігімен ерекшеленген сарбаздарына ұдайы түрде үлкен көлемде сыйақы беріп отырған. Б.з.д. 331 жылы Гавгамел маңындағы шешуші жеңістен кейін ол әрбір македон атты әскеріне 6 мина, фаланга жауынгерлеріне 2 мина, ал жалдамалыларға екі айлық жалақы мөлшерінде төлем беруді бұйырды. Вавилондағы олжадан македондық атты әскерге 600 драхма, одақтас атты әскерлерге 500 драхма, әрбір жаяу сарбазға 200 драхма үлестірілді.

Азия жорығы кезінде македон фаланга жаяу әскеріне ай сайынғы 166 драхма жалақы төленіп отырды. Бұл шамамен **8,5 алтын статерге** тең болды. Зұлқарнайын өзінің ардагер жауынгерлерін **алтын**

дистатерлермен марапаттады. Бұған дейін оларға 1 талант (6000 күміс драхма) берілсе, кейін бұл сома 120 алтын дистатер ретінде төленді. Б.з.д. 329 жылы Соғдыда жасы келіп қалған 900 жауынгер қызметтен босатылып, әрбір атты әскерге 2 талант, ал жаяу әскерге 3000 драхма берілді. Зұлқарнайынның жауынгерлері өз жалақыларын белбеулерінде сақтайтын болған. Демек, артта қалып қойған бір жауынгердің белбеуінде алтын дистатерлер болған, олар соққыдан кейін шашылып кеткен болуы мүмкін.

Бұл қақтығыс «Алтын қан» тауының маңында өтті. Себебі өлтірілген жауынгердің белбеуінен алтын ақшалар қанмен араласа шашылып түскен еді. Бұл таудың айналасына кейін көшпелілер көптеп қоныстана бастаған, ал ол жер Ұйғырға жақын. Осыдан кейін Зұлқарнайын түркі хақанымен бітімге келген (7, 122 б.). «Ука» сөзі де осы кезеңмен байланысты. Бұл ұғым Зұлқарнайын кезеңінен бері сақталып қалған. Бітімге дейін оның әскерінің алдыңғы шебі мен түркілер арасында шайқас болған кезде қолданылған (7, 340 б.).

Қашқари «Алтун хан» тауы деп Алтын-Тақ (немесе Алтын-Таг, Алтынтаг жотасы) жотасын меңзеген болуы мүмкін, оның батыс бөлігі Синьцзян аумағында орналасқан. Бірақ Ескендір ұйғырлардың жеріне дейін онша тереңдеп бармаған. Бұл – сол дәуірдегі баяндаушыларға тән түрлі аңыздар мен шежірелердің қабаттасып кетуінің нәтижесі. Сондай-ақ, сөз Алтынемел жайында болып отырғаны да мүмкін. Бұл өңірде үлкен қорымдардың орналасуы да жайдан-жай емес шығар.

Бес шатыр – сақтардың пантеоны

Осыған байланысты назар аударарлық нысан – Бесшатыр қорғандары. Ол – сақ дәуіріне жататын жерлеу кешені. Ол қазіргі Қазақстандағы Жетісу облысы, Кербұлақ ауданындағы Шылбыр атты жердің Іле өзенінің оң жағалауында орналасқан. Бұл ескерткіш «Алтын-Емел» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің құрамына кіреді. Бесшатыр қорымдары – өзіндік бір сақ пантеоны, б.з.д. VI–III ғасырлар аралығына жататын көптеген жерлеу ескерткіштерінен тұрады. К.А. Ақышев басқарған Жетісу археологиялық экспедициясы бұл кешеннің құрамында 31 үлкенді-кішілі қорған бар екенін анықтаған. Кіші қорғандарға қарапайым сарбаздар мен халық жерленген. Орташа қорымдарға қолбасшылар мен ерлігімен көзге түскен жауынгерлер қойылған. Ал ең үлкен қорғандар – сақ тайпаларының азаматтық және әскери басшыларына арналған. Қазба жұмыстары кезінде қысқа қылыш – акинак, көбелек пішінді тұтқалары бар темір пышақтар мен қанжарлар, найзалардың ұштары, ағаш қалқанның сынығы, жебе ұштары бар қорамсақ қалдықтары табылған.



Бесшатыр қорымының маңында сақ дәуіріне жататын Қызылауыз, Алтын-Емел, Қарашоқы қорымдары орналасқан. Оңтүстік-шығысқа қарай 3 шақырым жерде кейінгі кезеңге тиесілі Үйсін дәуірінің Бесшатыр II қорымдары бар, олар 33 қорғаннан тұрады. Сәл әріде – 118 жерлеу ескерткішінен тұратын Қалқан I қорымы орналасқан. Ал Алтын-Емел асуының маңында 36 қорғаннан тұратын Алтын-Емел аталатын қорымдар бар. Мүмкін, бұл жерлер – ірі шайқастар өткен және кейіннен құрбан болғандарға арнап үлкен жерлеу орындары тандалған аймақтар болуы мүмкін. Олар уақыт өте

келе құрмет көрсететін және діни рәсімдер өткізілетін қасиетті орындарға айналған.

Сақтарда киіз үй ойлап табылғанға дейін негізгі баспана түрі – шатырлар болған. Бұл тұрмыс салты «Апастак» пен «Авеста» заманынан бастау алып, яғни 3 мың жылдан аса уақыт бұрын қалыптасқан.

Фирдоуси өзінің «Шахнамесінде» былай дейді:

«Алыста Түріктің кең даласы жатты,
Онда шатырлардан жер көрінбейді.
Тұран шекарасына жақын маңда...» (13, 98 б.)

Түріктердің шатырларының көптігіне Махмұд Қашқари де назар аударады: «200 мың шатырда отырған түріктер» (7, 28 б.), «Түрік әскері жекпе-жек түнінде шатырларда түнейді» (7, 911 б.), «Ол кезде адамдар көшпелі еді және шатырларда өмір сүрді» (7, 1052 б.), «Караку – түрікмендерде шатыр, отырықшыларда – қысқы үй» (7, 418 б.), «Патшалық шатыр тігілді – бұл түрік патшаларына арналған жібек шатыр, олар онда ыстықтан жасырынатын немесе жаңбыр мен қардан қорғанатын» (7, 214 б.) «Тулвир» – бұл қалыңдыққа арналған киіз үй, зер мен жібектен тігілген әйелдерге арналған сәнді шатыр» (7, 426-б.).



Сондықтан, шатырлар Шу хақанның ордасына да тән болуы ықтимал. «Бес Шатыр» атауы – Ескендір Зұлқарнайынның мобильді жасақтарының алдыңғы тобына қарсы түнгі шайқасқа түскен төрт мың жас жауынгердің ерлігімен байланысты болуы мүмкін. Әсіресе, бес жасақты басқарған ерлерге арнап тігілген қорғандар – шатыр бейнесіндегі ескерткіштер болған секілді.

Халық аңыздарында Алтын-Емел тауының атауын Шыңғысхан қойған деген дерек сақталған. Ол «Емел» — ер-тоқым, ал «Алтын Емел» — «алтын ер-тоқым» деп түсіндірген деседі. Алайда, Шыңғысхан жолында талай тауларды кезіктіргенімен, олардың бәріне ат қоймағаны анық, және ол атау беру ісімен әуестенбеген сияқты. Сондықтан да, бұл атаудың арғы түбінде Ескендір Зұлқарнайынның жасағын қарсы алған түркі жастарының шайқасы жөніндегі ескі аңыз жатуы мүмкін. Шыңғысхан үшін бұл тау — «ұлы Македонец бағындыра алмаған», алайда өзі «ер-тоқымын салған» қасиетті орын болғандай әсер қалдырған. Міне, осылайша, біздің жорамал бойынша, «Алтын Қан» атауы «Алтын-Емелге» айналған.

Қашғари Зұлқарнайын тұрғызған Ұйғыр қалалары туралы былай деп жазады: «Бұл өңір бес қаладан тұрады, олардың халқы – ең күшті әрі қыңыр дінсіздер. Бұл – Зұлқарнайын салған Сулма, сондай-ақ Кужу, Жанбалық, Бесбалық және Йаныбалық» (6, 143 б; 7, 141 б.). Жаулап алынған жерлерде өз билігін нығайту мақсатында, Ескендір ол аймақтарда әскери гарнизоны бар қала-бекіністер (қамалдар) салдырғаны белгілі. Бұл қалалар «Александрия» деп аталған. Плутархтың мәліметінше, Александр 70-тен астам қала негізін қалаған. Алайда бірқатар тарихшылар бұл деректерді асыра көрсетілген деп санайды. Мүмкін, бұл санға тез арада бой көтеріп, кейіннен із-түссіз жойылып кеткен көптеген тірек пункттері мен шағын елді мекендер де енгізілген болар. Страбонның жазуынша, Александр Бактрия мен Соғды жерінде 8 қала салған. Юстин 12 қаланы атап өтеді. Алайда кейбір нақты деректерге сүйенсек, Орта Азия аумағында Александр негізін қалаған бар болғаны үш қала болған: Окс (яғни Әмудария) бойындағы Александрия, Яксарт (Сырдария) бойындағы Александрия және Маргианадағы Александрия. Курций Александрдың Ох пен Оке өзендері арқылы Маргианаға жасаған жорығы туралы айтып, сол жерде алты бекініс салынғанын хабарлайды: оның екеуі – оңтүстікте, төртеуі – Маргония (Мерв) қаласынан шығысқа қарай, бір-біріне жақын орналасқан, өзара жедел көмек көрсете алатындай арақашықтықта.

Әңгіме, бәлкім, оның Ұйғыр шекарасына жасаған қысқа жорығы кезінде салынған бекініс туралы болуы мүмкін. Бұл бекініс, сөзсіз, македондықтар кеткен соң, Шу хақаны тарапынан бірден қиратылған, дәл сол сияқты Ескендірдің бұйрығымен Бактрияда, Соғдыда және Баласағұнда салынған басқа да қалалар мен қамалдар да қираған. Кейбір зерттеушілер «Суяб» атауының шыққан жері — қиратылған Сулма қаласының орнына пайда болған жаңа қаланың атауы болуы мүмкін деп есептейді. Бұл Сулма — ежелгі ұйғыр тарихында маңызды рөл атқарған қала-қамал. Суяб шамамен V—VI ғасырларда, Жібек жолының бойындағы шығыс Баласағұндағы соғдиялық көпестер мекендеген көне Сулманың орнында пайда болған болуы ықтимал. «Сұғдақ – соғдылықтар, Баласағұнда қоныстанған халық» (6, т.1, 531 б; 7, 437-б.). Қаланың жұрты қазіргі Қырғызстандағы Тоқмақ қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 6 шақырым жердегі Ақ-Бешім аиылы маңындағы қирандымен сәйкестендіріледі. Суяб — V—VI ғасырларда Шу өзенінің қос тілді атауы. Қытай деректерінде, Сюань Цзан еңбектерінде, Шу аңғары «Су» деп аталған, бұл Суяб аңғары атауының транскрипциясы болып табылады. «Суяб» атауында «су» – түркі тілінде «су», ал «яб» – соғды тілінен алынған. Басқа бір нұсқада бұл екі түркі сөзі: «су» – су және

«яб» не «жаб» – «жабу», яғни «өзенді жап», «су жолын бөгеп, ең тар жеріне тоған сал» деген мағына береді.

Біздің пайымдауымызша бұл бекіністің басты мақсаты Шу хаканның әскері Боом асу арқылы Иссык көл жаққа жолын бөгеу үшін салынған. Жорыққа шығар алдында, қауіпсіздікті камтамасыз, сақтардың кенеттен шабыулынан қорғану үшін, тәжірибелі Зулкарнайын жасақтарын екіге бөліп, әр тобы асулардан бөлек өткізген сияқты, бір тобы Кара Бура, екіншісі Чанаш асу арқылы өткен болуы әбден мүмкін. Кратер басқарған жасақтар бөлігің Шу хаканның әскерің қуып жетіп шабуына арналса, ал өзі басқарған екінші тобы Шу өзенің бойында бекініс орнатып, Шу хаканның басқа жолмен шегінуді бөгеу керек болған сияқты. Сонда, шайкасқа Кратер басқарған жасағы тап болды, зардап кешті, жеңілді, ал өзі сыртта қалып қалды, тек Баласагунмен келісім шартқа өзі отырды. Барлық әскер Зулкарнайынның қол астында болса да, бірақ бөлек жасақтар әр қолбасшылардың қарамағында болған. Осылайша, кейін Қашқариге жеткен мәліметтер бойынша, хакан Шу жасақтарымен шайкаскан Зулкарнайынның әскерінің бір бөлігі, өзі емес, қолбасшысы басқарған болсада, он ғасыр өткеннен кейін бұл оқиға сәл өзгертіліп жетуі әбден мүмкін.

Зерттеушілер Александрдің (Зулкарнайынның) б.ғ.д 329 жылы бірнеше әскери жорықтары туралы айта келе, оларды нақтыламай кетті (21, 209 б.). Шығыстағы қөнбеген тайпаларды жөнге келтіру үшін өзінің қолбасшыларының бірі Кратерді жіберіп, өзі Бактрияға келіп үнді жорығына дайындалуға кірісті дейді күнделіктерде (21, 212 б.). Австриялық тарихшы Фриц Шахермайр өзінің Александр Македонскийге арналған зерттеуінде (21) антика тарихшыларын (Птолемей, Аристокл және Курций Руф, Арриан Флавий, т.б.) жазбаларына сүйене отырып іс жүзінде Қашқаридің мәліметтерің жоққа шығарған жоқ. Айырмашылығы, қөнбеген тайпалардың аттарын атамауы, нақтыламау, ол жорықты кім басқарғанын айтылмауы, Македонскийдің өзіме ме әлде оның қолбасшысы Кратер ме, бұл сұрақ белгісіз болып тұр. Македонский жорығының күнделігін жүргізушілер негізінен оның жеңістерің көрсету мен болды, ол Александр олардың алдында қойған талабы болды. Жеңілген жағдайда олар оны басқаша көрсетуге тырысты. Сондықтан Шу хаканымен болған қақтығысты жай ғана, кезекті жорығы ретінде, нақтыламай көрсеткені

сонымен түсіндіруге болады, ал Кашқари болған оқиғаны неғурлым толығырақ жеткізуге тырысты. Осындай дәстүр, арпалысқа катысушылардың әр қайсысы өзінше сипаттама беретіні, осы күндеріге дейін жеткенің көріп отырмыз. Бұны ескеру керек, соғыс тарихының екі жақты ерекшеліктері болатыны. Бұл жерде айта кеттін нәрсе, Александр Македонский (Зулкарнайын) бірталай жорығын өзі басқарғаны белгілі. Нәтижелі болғандарын айтылып, жазылып, ерекшелігін, ерлігін асыра көрсету дәстүрі қалыптасқан, ал киын жағдайда, жасақтары жеңілген кезде ондай оқиғаларды неғурлым жасырып, басқаша бағалап, Александрді көрсетпей, орнына басқа қолбасшыларды қосып айту орын алған сияқты.

Болашақта, мүмкін қосымша зерттеулердің арқасында жаңа деректер пайда болып тарихтың белгісіз беттері ашылар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Арриан. Поход Александра. М.-Л., 1962.
2. Массон
В.М. Поход Александра Македонского в Среднюю Азию.
1962.
3. Григорьев В.В. Поход Александра Великого в Западный Туркестан // ЖМНП. Ч. 217, отд. II, сент.-окт. 1881. С. 192-193.
4. Пьянков И.В. Бактрия в античной традиции (Общие данные о стране: название и территория). Душанбе, 1982.
5. Пьянков И.В. Античные авторы о Средней Азии и Скифии. Спб, 2013
6. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. III томдық. Аскар Егеубай, аудармасы, ғылыми түсініктер. Алматы. Хант. 1998
7. Махмуд ал Кашгари. Диван Лугат ат-Турк. Перевод З.-А. М.Ауэзовой. Алматы. Дайк-пресс. 2005

8. Немат Келимбетов. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Алматы. Раритет. 2019
9. Квинт Курций Руф. История Александра Македонского в 10 томах. **Перевод сохранившихся 3-10 томов** Р. Л. Шмаракова. Ладомир. 2023
10. Алшанов Р.А. 20 мыңжылдықтың құпиясы: ізденістер мен ашылымдар. Алматы. 2024
11. Алшанов Р.А. Тұранның әскери тарихы. Алматы, 2024
12. Дьяконов И.М. История Мидии. От древнейших времен до IV века до н.э. Издательство Академии наук СССР. Москва-Ленинград. 1956
13. Фирдоуси. «Шахнаме», т.2. Наука. Москва. 1994
14. Зороастрийские тексты. Подготовлено О.М. Чунаковой. М.1997
15. Ұлы бабалар насияты. Алматы, 2021
16. Википедия
17. Абушарипов С. Көне Тұранның тарихи- аңыздық тұлғалары. Тюркологиялық зерттеулер. 420-425 б. Астана, 2012. Түркі академиясы
18. Шу батыр. Дастан. [www. Stud.kz](http://www.Stud.kz), [Vk.com](https://vk.com), agjolgazet.kz.
19. Орынбай Жанайдаров. Жусуп Баласағуни. История, личность, время. Алматы. «Аруна». 2008
20. Қазақша-орысша сөздік. Казахско-русский словарь. Алматы. 2008
21. Шахермайр Ф. Александр Македонский. Издательство «Наука». Москва.1986

